

8 «Ә»сыныбының тәрбие жоспарының жылдық есебі

1-қыркүйек Білім күні және жаңа 2022-2023 оқу жылының басталуына арналған салтанатты іс-шара өткізілді.

Салтанатты іс-шараның мақсаты: жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында жағымды көңіл-күй, оң көзқарас қалыптастыру. Мектебіміздің өнерлі оқушылары «Алғашқы қонырау», «Ұстазым», «Мектебім» атты әндерін тамылжыта орындады

1-9 сыныптарында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

6-қыркүйек күні Қазақстан халықтарының тілдер күніне орай «Тіл - татулық тірегі» 5-9 «Ә»сынып оқушылар арасында мәнерлеп оқу әдеби кеші болып өтті. *Мақтау қағаздарымен марапатталды.* 13-қыркүйек күні Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау *жоба жұмысы жүргізілді.*

Қазан айында қарттар мен ұрпақтар ынтымақтастығы күніне орай "Қарияға қол ұшын сөз", "Ардагерлерді ардақтайық!" қайырымдылық акциясы, ұстаздар мерекесіне орай «Ұстазға алғыс» атты тәрбие сағаттары, мерекелік іс- шаралар, 25- қазан - Республика күні мерекесіне орай "Қазақстан-туған жерім, туған елім" сыныптан тыс іс-шаралар өткізілді.

Қараша айында Ата-аналарға психологиялық қызмет көрсету жұмысын жетілдіру мақсатында кеңес беру жұмыстары, ата-аналар жиналысы болып өтті. *Ітоқсан қорытындысы айтылды. Күзгі демалысқа шығуға тәртіп ережесімен таныстырылды.*

Оқу жылының желтоқсан айында «Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілігіміз» «Еңбек бәрін де жеңбек» сынып сағаттары өткізілді.


Қаңтар айында (2023ж) «Отбасындағы ортақ тіл» тақырыбында ата-аналар жиналысы болып өтті. «Ғаламтор мен әлеуметтік желілер: зияны немесе пайдасы» тәрбие сағатында оқушылар өз пікірлерімен бөлісті.

Ақпан айында «Өзінді мамандықтар әлемінде тап» «Ар ұят және жауапкершілік» «Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.

Наурыз айында 1 наурыз – Алғыс айту күніне арналған «Ізгіліктің бірізі - алғыс айту» - «Мейірімді сөздер» километрі алғыс айту шеруі; 8 наурыз – Халықаралық аналар күні - «Ана, бәрі бір өзіңнен басталады» 22- наурыз – Ұлыстың ұлы мерекесіне орай - «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» іс-шараларға оқушылар белсене қатысты және өздерін жақсы жақтарымен көрсете білді.

Сәуір айында *Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл Шәкәрімнің өлеңдерін жатқа айту байқауы өтті.* «Жалынды жастар көктемі» еріктілер ауылдағы жалғыз басты ата, әжелерге, мүгедек жандарға барып қол ұштарын беріп алғысқа бөленді.

Мамыр айында 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай «Ұранды ердің – ұрпағы қайсар», 9 мамыр – Жеңіс күні мерекесіне орай «Ұлы жеңіс жасасын!» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Сынып жетекшісі:  Енсененова А.О.